

Бұзылтуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесін, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін, оны қолдану шарттарын және осы шараның қолданылу мерзімін (қажет болған кезде) айқындау туралы

Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрінің 2025 жылғы 30 маусымдағы № 159-НҚ бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 30 маусымда № 36360 болып тіркелді

ЗКАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.01.2027 ж. бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Су кодексінің 23-бабының 1-тармағының 22) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Бұзылтуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар тізбесі, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрі, оны қолдану шарттары және осы шараның қолданылу мерзімі (қажет болған кезде) осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес айқындалсын.

2. Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігі Су ресурстарын реттеу, қорғау және пайдалану комитеті Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасы Су ресурстары және ирригация вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2027 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрі

H. Нуржигитов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Су ресурстары және
ирригация министрі
2025 жылғы 30 маусымдағы

Бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алыш келетін талаптар тізбесі, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрі, оны қолдану шарттары және осы шараның қолданылу мерзімі (қажет болған кезде)

№	Су қорын қорғау мен пайдалану саласындағы бақылау және қадағалау субъектілеріне (объектілеріне) койылатын талаптардың атаяу	Талаптарды бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының түрін	Қолдану шарты және жедел ден қою шараның қолданылу мерзімі (қажет болған кезде)
1.	Бассейндік көлісімдерде көздөлгөн міндеттемелерді белгіленген мерзімдерде орындаамау	су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту	45 күнтізбелік күнге дейін
2.	Б а с к а с у пайдаланушылар мен т а б иғ а т пайдаланушылардың құқықтары мен заңды мұддесінің бұзылуына алыш келетін су пайдаланудың рұқсат етілген көлемінен асыру	су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту	45 күнтізбелік күнге дейін
3.	Суды алу және ысырап ету көлемін азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын орындаамау не бұзу	су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту	45 күнтізбелік күнге дейін
4.	Су шаруашылығы құрылышжайлары мен судың жай-күйіне әсер ететін техникалық құрылғыларды ақаулы күйде ұстай	су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту	60 күнтізбелік күнге дейін
5.	Су тарту және су ағызу құрылышжайларында өлшеу құралдарының немесе су өлшеу аспаптарының болмауы	су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту	60 күнтізбелік күнге дейін
6.	Су пайдаланғаны үшін төлемақыны уақтылы жүзеге асырмау	су пайдаланудың рұқсат етілген көлемін азайту	45 күнтізбелік күнге дейін

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК